



[1]

Жаңа оқу жылынан бастап қазақстандық оқушылар аптасына бес күн ғана оқиды. Сенбі оқушылар үшін ресми түрде демалыс деп саналатын болады.

Бескүндік оқуға қазақстандық мектептер 1 қыркүйектен бастап көшеді, бірақ солай тек бірінші сынып оқушылары ғана оқиды. Барлық қалған сыныптар бұл режимге 2019ж. қарай көшеді. ҚР БҒМ-нде оқушыларға қосымша оқу жүктемелігі жасалмайды деп айтты. Дегенмен, бұл педагогтар үшін де тиімді - сенбі күні олар өзін-өзі дамытуға арнайды.

Бескүндік оқу аптасын енгізу білім сапасына әсер етпейді. Оқу пәндері қысқартылмайды, тек оқу жылы бір аптаға ұзартылады. Оқу жылы 1 қыркүйектен басталып 1 маусымда аяқталады. Бұл арада, сарапшылар бескүндік оқу аптасын енгізудің әлеуметтік және экономикалық себептерін көріп тұр. Бір жағынан отбасы институтын нығайту: қосымша демалыс - туған-туыстарға бірге болудың тағы бір мүмкіндігі. Екінші жағынан - миниорталықтарға, ауладағы клубтарға және үйірмелерге одан да көп балалар бара алады.

Әлемнің дамыған елдерінде бескүндік оқу аптасы бұрыннан норма болып кеткен: АҚШ, Финляндия, Италия, Норвегия және жақында ғана Ресей. Көрші мемлекет бұл жүйеге сатылап кезеңмен өтті. Қазақстан 30 мектебінің бірінші сынып оқушылары сенбі күнгі демалыс не екенін сезді. Бескүндік бұнда пилоттық жоба ретінде енгізілді. ҚР БҒМ

қызметкерлері айтқандай, бұндай жаңалықты оқушылар да, мұғалімдер де жоғары бағалады.

[Добавить в избранное](#) [2]

Links

[1] http://iac.kz/sites/default/files/styles/img_800/public/bf5fbbaa86c998e39f80b789f10d0e90_big.jpg?itok=_hEeWx9v

[2] <http://iac.kz/kk/flag/flag/bookmarks/3750?destination=printpdf/3750&token=a6209b2a3fd862a959e3ba685c54b931>